

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери киім нысанын киіп жүру және айырым белгілерін, сондай-ақ басқа да белгілерді тағып жүру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 тамыздағы № 476 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 қыркүйекте № 15803 болып тіркелді.

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 31.03.2025 № 333 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери киім нысанын киіп жүру және айырым белгілерін, сондай-ақ басқа да белгілерді тағып жүру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Тылы және қару-жарақ бастығының басқармасы Қазақстан Республикасы белгіленген заңнамада тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы 2-тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда – бірінші басшылардың шешімі бойынша жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бүйрек алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі генерал-полковник

C. Жасұзаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры
2-сыныпты мемлекеттік
әділет кеңесшісі

Ж. Асанов

2017 жылғы 25 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік күзет
қызметінің бастығы генерал-лейтенант

А. Қуреңбеков

2017 жылғы 28 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы

К. Мәсімов

2017 жылғы 29 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
полиция генерал-полковнигі

К. Қасымов

2017 жылғы 30 тамыз

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2017 жылғы 24 тамыздағы
№ 476 бүйрекімен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери киім нысанын киіп жүру және айырым белгілерін, сондай-ақ басқа да белгілерді тағып жүру қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 31.03.2025 № 333 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери киім нысанын киіп жүру және айырым белгілерін, сондай-ақ басқа да белгілерді тағып жүру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Қарулы Құштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери киім нысанын кию және айырым белгісін, сондай-ақ басқа да белгіні тағу тәртібін айқындайды.

2. Қатардағы жауынгер, сержант және офицер құрамының лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер мынадай әскери киім нысанын киіп жүреді:

1) салтанатты – салтанатты рәсімді орындағанда, салтанатты іс-шара, халықаралық келіссөз және шетел делегациясымен кездесу (әскери киім нысанын кию көзделген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы бірінші басшысының нұсқауы бойынша) өткізгенде, парадқа қатысқанда, әскери бөлімге (мекемеге, корабльге) Жауынгерлік Ту тапсырғанда, әскери қызметшіге мемлекеттік, ведомствоның награда табыс еткенде және әскери атақ бергенде, лауазымға тағайындалғанда тікелей бастыққа таныстырғанда, ресми қабылдауда, Әскери ант қабылдағанда, құрметті қарауыл құрамына тағайындалғанда, сондай-ақ әскери бөлімнің (мекеменің, корабльдің) жылдық мерекесі күні, салтанатты сапқа тұруда, отырыста, Отан қорғаушы күнінде және басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың кәсіби мерекесі күнінде, корабльді суға жібергенде, қатарға қосылатын корабльде Әскери-теңіз туы көтерілгенде, ескерткішке және жауынгер зиратына ғұлшоғын қойғанда, әскери құрмет қөрсету көзделген адамды жерлегенде, шекаралық бақылау бөлімшесі қызмет өткерген уақытта ;

2) күнделікті – күнделікті қызметте (далалық сабактан, оқ ату және дene шынықтыру дайындығы сабағынан басқа) және штабтағы, басқарма мен мекемедегі жұмыста, сондай-ақ қызметтен тыс уақытта (ҚҚ Әскери-теңіз құштерінен және теңіз жаяу әскери бөлімінен, Қазақстан Республикасы Ұлттық қauіpsіздік комитеті (бұдан әрі – ҰҚҚ) Шекара қызметінің теңіз бөлімшесінен басқа);

ҚҚ Әскери-теңіз құштерінде және теңіз жаяу әскери бөлімінде, ҰҚҚ Шекара қызметінің теңіз бөлімшесінде – жауынгерлік даярлық сабағында және тәуліктік (корабльдік) наряд құрамында қызмет өткергенде, жауынгерлік кезекшілікте, корабль теңізге шыққанда (оқу-жаттығуда), штабтағы, басқарма мен мекемедегі жұмыста, корабль (әскери бөлім) командирінің нұсқауы бойынша сабакта, сондай-ақ қызметтен тыс уақытта;

3) далалық – далалық сабакта, далалық жорықта, жауынгерлік кезекшілікте, оқу-жаттығуда, қарауыл құрамында, тәуліктік нарядта қызмет өткергенде, Мемлекеттік

шекараны қорғау және күзету міндеттерін орындағанда, оқу-жаттығу орталығындағы, полигондағы сабакта, гауптвахтада болғанда, күнделікті қызметте және басқада жауынгерлік іс-шараларында;

4) арнайы – арнайы оқу-жаттығу, оқу-жауынгерлік және жауынгерлік міндеттерді, арнайы жұмысты, сондай-ақ шаруашылық жұмысты орындағанда (жұмыс киімі), гауптвахтада ұсталғанда. Техника мен қару-жаракқа қызмет көрсеткенде арнайы (жұмыс) киімі нысанын киуге әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) нұсқауы бойынша жол беріледі.

2-1. Резервте әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер далалық киім нысанын жауынгерлік даярлық бойынша сабакта немесе жиында, сондай-ақ дағдарысты жағдайдағы жиында киіп жүреді.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 29.05.2025 № 627 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

3. Мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскери оқу орны (әскери факультет) курсанттары, әскери колледж кадеттері, ұландары мен "Жас ұлан" республикалық мектеп тәрбиеленушілері мынадай әскери киім нысанын киеді:

1) салтанатты – парадқа қатысқанда, әскери бөлімге (корабльге) Жауынгерлік Тұтапсырғанда, мемлекеттік және ведомстволық награда алғанда, Әскери ант қабылдағанда, құрметті қарауыл құрамына тағайындалғанда, әскери бөлімнің (корабльдің) жылдық мерекесі күнінде, Отан қорғаушы күніне және басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың кәсіби мерекесі күні құрметіне салтанатты сапқа тұруда, корабльді суға жібергенде, қатарға қосылған корабльде Әскери-теніз жалауын көтергенде, бөлім тұрган жерден босатылғанда, демалыста болған уақытта және әскери бөлім (корабль) командирінің нұсқауы бойынша;

2) күнделікті (ҚҚ Әскери-теніз күштерінің, ҰҚҚ Шекара қызметі теңіз бөлімшесінің әскери қызметшілері үшін) – корабль теңізге оқу-жаттығуға, маневр жасауға, жауынгерлік кезекшілікке шыққанда, корабльдік (тәуліктік) наряд құрамында қызмет өткергенде және корабль (әскери бөлім) командирінің нұсқауы бойынша сабакта;

3) далалық – далалық сабакта, далалық жорықта, жауынгерлік кезекшілікте, оқу-жаттығуда, қарауыл, тәуліктік наряд құрамында қызмет өткергенде, Мемлекеттік шекараны қорғау және күзету міндеттерін орындағанда, оқу-жаттығу орталығындағы сабакта, сондай-ақ әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) нұсқауы бойынша күнделікті қызметте;

4) арнайы – арнайы оқу-жаттығу, оқу-жауынгерлік және жауынгерлік міндеттерді, арнайы жұмысты, сондай-ақ шаруашылық жұмысты орындағанда (жұмыс киімі), гауптвахтада ұсталғанда. Техника мен қару-жаракқа қызмет көрсеткенде арнайы (жұмыс) киімі нысанын киуге әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) нұсқауы бойынша жол беріледі.

4. Әскери қызметшілер жауынгерлік, арнайы және терроризмге қарсы операцияда, оқу-жаттығуда, арнайы міндеттерді орындағанда, жауынгерлік кезекшілікте (жауынгерлік қызметте) жеке қорғаныс құралдарын киіп (броньды қеудеше, дулыға, көзілдірік, қорғаныс шынтаққап пен тізеқап (жіліншікқап) тағып) жүреді.

5. Саптық байқау, сапқа тұрғызу және қызметтік кеңес пен жиналыш үшін киім нысанын осы іс-шараны өткіzetін адам жариялады.

Патрульдік қызметті, бақылау-өткізу пунктіндегі кезекшілікті атқару үшін, сондай-ақ басқарма, әскери бөлім мен мекеме штабының ғимаратындағы бақылау-өткізу қызметін жүзеге асыратын әскери қызметшілер үшін киім нысанын әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы), әскери полиция органында әскери полиция органдарының бастығы жариялады.

6. ҚК, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери бөлімінің (кораблінің) командирлері, мекемесінің бастықтары:

1) әскери қызметшілерге әскери киім нысаны киуге берілгенде оны мұқият үйлестіріп пішуді, мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге, әскери оқу орны (әскери факультет) курсанттарына, әскери колледж кадеттеріне, ұландарына, "Жас ұлан" республикалық мектеп тәрбиеленушілеріне, әскери жынға шақырылған әскери міндеттілерге бекітіліп берілген мүлікке таңба қоюды ұйымдастырады;

2) барлық бөлімшеде тұрмыстық қызмет көрсету бөлмесін, киім-кешек пен аяқ киім кептіретін бөлмені, рота мүлкі және мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің, әскери оқу орны (әскери факультет) курсанттарының, әскери колледж кадеттерінің, ұландарының, және "Жас ұлан" республикалық мектеп тәрбиеленушілерінің жеке заттары сақталатын қойманы жабдықтау бойынша шаралар қабылдайды, киім-кешек пен аяқ киім заттарын уақтылы жууды және жөндеуді қамтамасыз етеді;

3) саптық байқауды кезең-кезеңімен өткізеді. Таңертенгілік қарап-тексеруде, саптық байқауда, сондай-ақ жазғы (қысқы) киім нысанына көшкенде, барлық сапқа тұрғызуда және сабак басталар алдында белгіленген киім нысанын, сыртқы келбетін, киім-кешек пен аяқ киім заттарының жай-күйін тексереді.

Әскери қызметшілердің және әскери міндеттілердің киім нысанын бөлімшениң және қызметтік үй-жайдың шкафында сақтауға жол беріледі.

7. Гарнizon құрамына кіретін әскери бөлім мен мекеменің әскери қызметшілері үшін жазғы немесе қысқы киім нысанына көшу, заттай мүлік заттарын көктемде киоді бастау және күзде киоді тоқтату тиісті гарнizon бастығының бүйріғымен белгіленеді.

Бұл ретте жазғы уақытта салқын ауа райында және қысқы уақытта жылды ауа райында маусымдық киім нысанының заттарын, сондай-ақ үлкен бастықтың нұсқауы бойынша маусым бойынша емес киім нысанының заттарын киуге жол беріледі.

8. Әскери қызметші басқа гарнizonда уақытша болғанда осы гарнizon үшін белгіленген маусым бойынша киім нысанын киіп жүреді.

9. Сапармен болатын елдегі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери атташесі апаратының, әскери өкілдігінің, басқа мемлекеттің әскери оку орнында білім алатын, сондай-ақ басқа мемлекет аумағында қызметтік іссапарда болатын немесе шетел әскери делегациясын қарсы алуды және олармен бірге жүруді ұйымдастыру іс-шараларына қатысатын әскери қызметшілер ҚҚ түрі және әскер тегі бойынша немесе ратификацияланған уағдаластыққа сәйкес киім нысанын киіп жүреді.

Таяу және алыс шет елге ұшатын ҰҚҚ Авиация қызметінің әуе кемелері екипажының әскери қызметшілері арнайы нысанды киімді (өкілдік) киеді.

10. ҚҚ Әскери-теңіз күштерінен және ҰҚҚ Шекара қызметінің теңіз бөлімшесінен ауыстырылғаннан, корабльдік әскери атағы бар адамдардан басқа, басқа басқару органына, әскери бөлімге (мекемеге) қызмет өткеру үшін ауыстырылған қатардағы жауынгер, сержант және офицер құрамының лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер кио мерзімі аяқталғанға дейін ауыстырылған күні олар киіп жүрген әскери киім нысанын киіп жүреді. Одан кейін оларға осы басқару органы, әскери бөлім (мекеме) үшін белгіленген киім нысаны беріледі.

11. ҚҚ Әскери-теңіз күштеріне және теңіз жаяу әскери бөліміне, ҰҚҚ Шекара қызметінің теңіз бөлімшесіне қызмет өткеру үшін ауыстырылған ҚҚ-да, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қатардағы жауынгер, сержант және офицер құрамының лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер ҚҚ Әскери-теңіз күштері және теңіз жаяу әскери бөлімі, ҰҚҚ Шекара қызметі теңіз бөлімшесі әскери қызметшілерінің әскери киім нысанын киіп жүреді.

12. Басқа басқару органына, әскери бөлімге (мекемеге) қызмет өткеру үшін ауыстырылған авиация жоғары офицер құрамының әскери қызметшілері ҚҚ Әскери-әуе күштері әскери қызметшілерінің әскери киім нысанын киіп жүреді.

Басқа басқару органына, әскери бөлімге (мекемеге) қызмет өткеру үшін ауыстырылған корабльдік әскери атағы бар ҚҚ Әскери-теңіз күштерінде және ҰҚҚ Шекара қызметінің теңіз бөлімшесінде келісімшарт және әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер ҚҚ Әскери-теңіз күштері және ҰҚҚ Шекара қызметі теңіз бөлімшесі әскери қызметшілерінің әскери киім нысанын киіп жүреді.

13. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының басқару органына, әскери бөліміне (мекемесіне) қызмет өткеру үшін ауыстырылған ҚҚ-да, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қатардағы жауынгер, сержант және офицер құрамының лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің киім нысанын киіп жүреді.

14. Басқа басқару органына, әскери бөлімге (мекемеге) ауыстырылған ҚҚ Әскери-теңіз күштерінде және ҰҚҚ Шекара қызметінің теңіз бөлімшесінде (корабльдік

әскери атағы бар адамнан басқа), әскери полицияда қатардағы жауынгер, сержант және офицер құрамының лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер кио мерзімі аяқталғанға дейін олар ауыстырылған күні киіп жүрген әскери киім нысанын киіп жүреді. Одан кейін оларға осы басқару органы, әскери бөлім (мекеме) үшін белгіленген киім нысаны беріледі.

15. Әскери оқу орнында (әскери факультетте) қатардағы жауынгер, сержант және офицер құрамының лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер (білім алатын офицерден басқа) осы әскери оқу орны қарамағында болатын сол ҚҚ түрінің, әскер тегінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың (қызметтің) әскери киім нысанын киіп жүреді.

16. Әскери оқу орнында (әскери факультетте) білім алатын офицерлер келген сол ҚҚ түрінің, әскер тегінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың (қызметтің) әскери киім нысанын киіп жүреді.

17. Курстық даярлықтан өткенде білім алатын әскери қызметшілер келген ҚҚ түрінің, әскер тегінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың (қызметтің) киім нысанын киіп жүреді.

18. ҚҚ Әскери-теніз күштерінде және теңіз жаяу әскерінде, ҰҚҚ Шекара қызметінің теңіз бөлімшесінде келісімшарт және әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін, әскери оқу орнында білім алатын офицерлер ҚҚ Әскери-теніз күштері және теңіз жаяу әскері бөлімі, ҰҚҚ Шекара қызметі теңіз бөлімшесі әскери қызметшілерінің киім нысанын киіп жүреді.

19. Ұлттық ұлан авиациясы, ҰҚҚ Авиация қызметі, мемлекеттік авиацияның ұшу қауіпсіздігі органы әскери қызметшілерінің киім нысаны ҚҚ Әуе қорғанысы күштері әскери қызметшілерінің киім нысанына сәйкес.

ҰҚҚ Шекара қызметі теңіз бөлімшесі әскери қызметшілерінің киім нысаны ҚҚ Әскери-теніз күштері әскери қызметшілерінің киім нысанына сәйкес.

20. Курсанттар әскери, арнайы оқу орны құрамына кіретін ҚҚ түрі, әскер тегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар үшін белгіленген киім нысанын киіп жүреді.

21. Қарауылдық қызмет өткери кезінде әскери киім нысанын кио тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының гарнизондық және қарауылдық қызметтер жарғысында айқындалған.

22. Қатардағы жауынгер, сержант және офицер құрамының лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлерге қызметтөн тыс уақытта, ал қызмет

уақытында әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) нұсқауы бойынша азаматтық киім киіп жүргуге жол беріледі.

Әскери киім нысанының бұрын қолданыста болған заттарын киіп жүргуге кио мерзімі өткенге және киім нысанының жаңа үлгідегі үқсас заттарымен қамтамасыз етілгенге дейін жол беріледі.

23. Мұкәммалдық жылды киім қысқы уақытта төмен температурада әскери бөлім командирінің (мекеме бастығының) нұсқауы бойынша киіледі.

24. Арнайы (жұмыс) киім нысаны тек әскери бөлім мен мекеме аумағында, сондай-ақ егер олар аумақтан тыс болса, жұмыс істейтін жерде, жауынгерлік, оқу-жауынгерлік және арнайы міндеттер орындалатын жерде киіледі. Арнайы (жұмыс) киім нысанын жұмыс істейтін жерге, жауынгерлік, оқу-жауынгерлік, оқу-жаттығу, арнайы міндеттер орындалатын жерге дейін барғанда және кері қайтқанда киоғе жол беріледі.

Белгіленбеген киім нысанының үлгісін арнайы (жұмыс) киім нысаны ретінде киоғе жол беріледі. Бұл ретте әскери қызметшілер тобы әртекті затпен қамтамасыз етілгенде олардың сол жұмыс киімінде тұрақты тұрған пункттен тыс шығуына жол берілмейді.

2-тaraу. Қазақстан Республикасы ҚҚ, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери киім нысанының жеке заттарын кио 1-параграф. Бас киім

25. Белгіленген үлгідегі және түстегі берет оң жаққа қарай аздап түсіріліп, бедерлі түсті берет сол жаққа қарай түсіріліп, ал күнқағары бар құлақшын (қаракөлден), құлақшын (жұн және сұр түсті қаракөл), снуды бар далалық малақай (малақай-маска), фуражка, кепи, әйелдер шляпасы, панама мен бандана тура, түсірілмей, малақай, фуражка, кепи, әйелдер шляпасы күнқағары қас деңгейінде, ал оның төменгі жиегі қастың үстіне көлденең қойылған екі саусақ ені бойында тұратындей етіп киіледі. Кокарда (жұлдыз, эмблема) ортасы кеңсірік үстіне тура келеді.

Әскери оқу орнының курсанттары, кадеттер мен тәрбиеленушілер, ҰҚҚ Шекара академиясында ашық жасыл түсті, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінде қызығылт-сары түсті, Десанттық-шабуылдау әскерлерінің мамандығы бойынша білім алатындар көгілдір түсті берет киіп жүреді.

26. Арнайы киім нысаны бас киімінің түсін ҚҚ-ның, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бірінші басшылары міндеттерді орындау және қызмет өткеру өніріне байланысты айқындайды.

27. Халықаралық әуежай әскери қатынас комендатурасының әскери қызметшілеріне қаракөл құлақшын, қара көк түсті фуражка мен кепи киоғе жол беріледі.

Қызметтік міндеттерінде өткізу пунктінде құжат ресімдеуге қатысу көзделген ҰҚҚ Шекара қызметі шекаралық бақылау бөлімшесінің әскери қызметшілеріне қаракөл құлақшын киоғе жол беріледі.

28. Құлаққабы түсірілген құлақшынды сыртқы ауа температурасы -10°C және одан төмен болғанда киуге жол беріледі. Сапта командирдің (бастықтың) нұсқауы бойынша құлақшынның айнала жиегі мен құлаққабы түсіріледі, құлаққап ұшы артқа байланады. Құлаққап жиналып тұрғанда тоқыма баудың байланған ұшы құлаққап астына жиналады.

Қару-жарап пен әскери техникаға қызмет көрсеткенде, шаруашылық жұмыста және бөлімше (бастығы) командирінің нұсқауы бойынша құлақшынның айнала жиегі мен құлаққабы түсіріледі.

29. Үлкен бастықтың нұсқауы бойынша:

1) салтанатты және күнделікті қысқы киім нысанында жылы ауа райында қаракөл құлақшын және тері құлақшын орнына фуражка немесе берет (әскери қызметші әйелдер үшін – әйелдер шляпасы);

2) қысқы далалық киім нысанында далалық малақай орнына қаракөл құлақшын және тері құлақшын;

3) жазғы киім нысанында (тек Десанттық-шабуылдау әскерлерінің, теңіз жаяу әскерінің және арнайы мақсаттағы бөлім мен бөлімшениң, сондай-ақ басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери бөлімінің әскери қызметшілері үшін) далалық бүркеніш түсті кепи орнына берет;

4) жазғы күнделікті киім нысанында кепи орнына фуражка киіледі (әскери қызметші әйелдер үшін – әйелдер шляпасы).

5) жазғы далалық киім нысаны кезінде далалық кепидің орнына – далалық панама, ҰҚҚ ШК-да және Шекара академиясында далалық кепидің және далалық панаманың орнына – жасыл түсті фуражка.

2-параграф. Сыртқы киім

30. Әскери қызметші әйелдерден басқа, қатардағы жауынгер, сержант және офицер құрамының лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер үшін жағасы тері (жоғары офицер құрамында, полковник пен 1-дәрежелі капитанда жағасы қаракөл) қысқы пальтоның алдыңғы барлық түймесі оң жаққа қарай салынады.

Әскери қызметші әйелдер үшін жағасы тері (полковник пен 1-дәрежелі капитанда – жағасы қаракөл) қысқы пальтоның алдыңғы барлық түймесі сол жаққа қарай салынады.

Еденинен қысқы пальтоның етегіне дейінгі аралық 38 – 40 сантиметр.

Салтанатты киім нысанында қысқы пальто салтанатты белдікпен және аксельбантпен киіледі.

Қысқы пальто сыртқы жағына қарай ұқыпты қаратылып бүктелген қалыпта сол жақ қолда ұстап жүріледі.

31. № 1 салтанатты киім нысанында ҚҚ құрметті қарауыл бөлімшесі үшін жағасы сүр түсті қаракөл қысқы пальтоның алдыңғы барлық түймесі оң жаққа қарай салынады.

№ 2 салтанатты киім нысанында (ҚҚ-ның үш түрі) ҚҚ құрметті қарауыл бөлімшесі, Ұлттық ұланның және Мемлекеттік құзет қызметінің құрметті қарауыл бөлімшесі үшін үлкен бастықтың нұсқауы бойынша жағасы сұр (қара) түсті қаракөл қысқы пальтоның жоғарғы түймесін салмауға жол беріледі. Бұл ретте тігісі сыртқы жағына қайырылады және ұқыпты үтіктеп басылады.

Қысқы пальто салтанатты белдік белбеумен және аксельбантпен киіледі.

Қысқы пальто сыртқы жағына қарай ұқыпты қаратылып бұқтелген қалыпта сол жақ қолда ұстап жүріледі.

32. Қысқы күртеше желден қорғайтын қайырмасы бар "сыдырмалы" ілмекке салынады. Желден қорғайтын қайырманың барлық түймесі астарлы ілмекке он жаққа салынады, әскери қызметші әйелдерде сол жаққа).

Жылы ауа райында қысқы күртешенің жоғарғы түймесін салмай және (немесе) капюшонсыз киуге жол беріледі.

Қысқы күртеше сыртқы жағына қарай ұқыпты қаратылып бұқтелген қалыпта сол жақ қолда ұстап жүріледі.

33. Қатардағы жауынгер, сержант және офицер құрамының лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлер үшін маусымдық далалық күртешенің және күнделікті маусымдық күртешенің (Әскери-теңіз күштері үшін) барлық түймесі алдыңғы жағынан астарлы ілмекке салынады.

Жылы ауа райында маусымдық далалық күртешенің жоғарғы түймесін салмай және (немесе) капюшонсыз киуге жол беріледі.

Маусымдық далалық күртеше сыртқы жағына қарай ұқыпты қаратылып бұқтелген қалыпта сол жақ қолда ұстап жүріледі.

34. Плащ-жамылғының барлық түймесі салынады және жауын-шашынды ауа райында (капюшонмен немесе капюшонсыз) жазғы және қысқы сыртқы киім сыртынан киіледі.

Плащ-жамылғыны иық бауда бұқтелген және жиналған немесе сыртқы жағына қарай ұқыпты қаратылып бұқтелген қалыпта сол жақ қолда ұстап жүргүре жол беріледі.

35. Әскери оқу орнының курсанттары және Әскери-теңіз күштерінде және ҰҚҚ Шекара қызметінің теңіз бөлімшесінде мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер бушлатының барлық ілгегі мен түймесі салынады және қара түсті жұн (шұға) галстукпен киіледі, жағасына ақ түсті жаға астары тігіледі.

36. Мундирдің (тужурканың) барлық түймесі он, әскери қызметші әйелдерде сол жаққа қарай салынады. Мундир (тужурка) салтанатты белдікпен, қолғаппен және аксельбантпен, ал саптан тыс салтанатты белдіксіз және қолғапсыз киіледі.

Салтанатты киім нысанында жоғарғы офицер құрамына және полковниктерге еki жаққа қаусырмалы сұр түсті салтанатты мундир киуге жол беріледі.

Десанттық-шабуылдау әскерлерінің, теңіз жаяу әскери және арнайы мақсаттағы бөлім мен бөлімшениң, сондай-ақ басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери бөлімінің әскери қызметшісіне салтанатты киім нысанында мундирді (тужурканы) галстукпен жейде орнына тельняшкамен киуге жол беріледі.

37. Стратегиялық, жедел-стратегиялық, жедел-тактикалық, жедел-аумақтық, жергілікті әскери басқару органының және әскери кафедраның, ҰҚҚ Шекара қызметі шекаралық бақылау бөлімшесінің, Авиация қызметінің (оқшауланған құрылымдық бөлімшеден басқа), ҰҚҚ әскери полиция органының, әскери қатынас органының келісімшарт бойынша әскери қызметшілері мен әскерге шақыру бойынша офицерлері, әскери, арнаулы оқу орнының (оқу процесін қамтамасыз ету бөлімшесінен басқа), сондай-ақ ҚҚ, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар (бұдан әрі – басқару органы) әскери бөлімінің (мекемесінің, оқшауланған құрылымдық бөлімшесінің) командирі (бастығы) мен орынбасарлары үшін күнделікті кио үшін № 1 күнделікті киім нысаны күнделікті костюм (жеңі ұзын күртеше мен шалбар) көзделеді.

Күндізгі ауа температурасы +20°C және одан жоғары болғанда белгіленген түсті қысқа жеңді күртеше мен шалбар киуге жол беріледі.

Жоғары офицер құрамына, Қорғаныс министрінің орынбасарларына, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың басшыларына, сондай-ақ бас қолбасшыларға, қолбасшыларға және олардың орынбасарларына, ведомство басшыларына және олардың орынбасарларына, мемлекеттік органының бірінші басшыларына, тікелей бағынатын құрылымдық бөлімше бастықтарына және олардың орынбасарларына № 2 күнделікті киім нысаны күнделікті китель мен шалбар киуге жол беріледі (ҰҚҚ Авиация қызметінен басқа).

38. Нысанды сыртқы жейде мен нысанды фланель жейденің алдыңғы жағы түсірілмей, екі жаны жиналып шалбарға салынады, тельняшкамен және нысанды жағамен киіледі. Жазғы уақытта тельняшкасыз киуге жол беріледі.

39. Белгіленген түсті жұмыс костюмі (ӘТК және шекара қызметінің теңіз бөлімшесі үшін) шалбарға салынбайды, тельняшкамен және нысанды жағамен киіледі.

40. Далалық костюм күртешесінің барлық түймесі он жаққа қарай салынады.

Мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскери оқу орны (әскери факультет) курсанттары, әскери колледж кадеттері, ұландары және "Жас ұлан" республикалық мектеп тәрбиеленушілері) жазғы далалық күртешені жоғарғы жиегі жағадан 1-2 миллиметр шығып тұратын ақ түсті таза жаға астарымен киеді.

Қатардағы жауынгер, сержант және офицер құрамының лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлерге далалық костюмді ақ түсті жаға астарымен киуге жол беріледі.

Далалық костюм футболкамен (тельняшкамен) киіледі. Десанттық-шабуылдау әскерлерінде, теңіз жаяу әскері мен бөлімшесінде күртешенің алдыңғы жағы түсірілмей , екі жаны жиналып шалбарға салынады.

Жазғы уақытта күндізгі ауа температурасы +20°C және одан жоғары болғанда күртешенің жоғарғы түймесі салынбай киіледі, бұл ретте күртеше қайырмасының жоғарғы бұрышы қайырылады, ал күртешенің жеңін шынтақ буынынан 2 – 4 сантиметр жоғары қайыруға жол беріледі. Сондай-ақ қысқы уақытта үлкен бастықтың нұсқауы бойынша күртешенің жоғарғы түймесін салмай киуге жол беріледі, бұл ретте күртеше қайырмасының жоғарғы бұрышы қайырылады.

Далалық күртеше амунициямен тек далалық сабакта, далалық жорықта, жауынгерлік кезекшілікте, оқу-жаттығуда, қарауыл құрамында, тәуліктік нарядта қызмет өткергенде, Мемлекеттік шекараны қорғау және күзету міндеттерін орындағанда, оқу-жаттығу орталығындағы, полигондағы сабакта, құнделікті қызметте және басқада жауынгерлік іс-шараларында киіледі, ал сабактан тыс амунициясыз (мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіден, әскери оқу орны (әскери факультет) курсантынан, әскери колледж кадетінен, ұланынан және "Жас ұлан" республикалық мектеп тәрбиеленушісінен басқа).

Далалық тік пішілген шалбар далалық бәтеңкеге салынады. Шалбарды далалық бәтеңкеге сыртына түсіріп, салмай киуге жол беріледі.

41. Қысқы далалық күртеше желден қорғайтын қайырмасы бар "сыдырмалы" ілмекке салынады. Қайырманың барлық түймесі оң жаққа қарай астарлы ілмекке салынады. Ауа райына байланысты қысқы далалық күртеше қысқы немесе жазғы далалық шалбармен киіледі. Шалбарды сыртына түсіріп, далалық бәтеңкеге салмай киуге жол беріледі.

Қысқы далалық күртеше жоғарғы түймесі салынбай, капюшонсыз және (немесе) жағасы тоқыма манишкасыз киуге жол беріледі.

Қысқы далалық күртеше амунициямен тек далалық сабакта, ал сабактан тыс амунициясыз киіледі (мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіден, әскери оқу орны курсантынан, әскери колледж кадетінен, ұланынан және "Жас ұлан" республикалық мектеп тәрбиеленушісінен басқа).

42. Жұмыс күртешесі (арнайы киім нысаны) айырым белгілерісіз киіледі, барлық түймесі салынады және ақ түсті жаға астарымен киіледі, оның жоғарғы жиегі жағадан 1 – 2 миллиметр шығып тұрады (ҰҚҚ Авиация қызметінен басқа).

Жазғы уақытта күндізгі ауа температурасы +20°C және одан жоғары болғанда күртешенің жоғарғы түймесі салынбай және белдік белбеусіз киіледі, бұл ретте күртеше қайырмасының жоғарғы бұрышы лацкан түрінде қайырылады және күртешенің жеңін шынтақ буынынан 2 – 4 сантиметр жоғары қайырылады (ҰҚҚ Авиация қызметінен басқа).

43. Халықаралық әуежай әскери қатынастар комендатурасының әскери қызметшілеріне сұр түсті қаракөл жағалы қысқы пальто, қара көк түсті мундир мен шалбар, күнделікті костюм киіп жүргуге жол беріледі.

Қызметтік міндеттерінде өткізу пунктінде құжат ресімдеуге қатысу көзделген ҰҚҚ Шекара қызметі шекаралық бақылау бөлімшесінің әскери қызметшілеріне сұр түсті қаракөл жағалы қысқы пальто киіп жүргуге жол беріледі.

44. Қысқы пальто, қысқы күртеше, маусымдық күртеше, мундир, тужурка, китель, сыртқы нысанды жейде, нысанды фланель жейде белгіленген үлгіде, таза және үтіктеп киіледі. Шалбарға тік қыр салынған.

Юбка белгіленген үлгіде, таза және үтіктеп, қырсыз киіледі. Юбканың етегі тізе деңгейінде.

Пальто, мундир, тужурка мен китель қалтасының қайырмасы сыртқа түсірілген.

Айырым белгісі дұрыс және ұқыпты тігілген (бекітілген).

45. Далалық жағдайдағы сабакта және оқу-жаттығуда далалық киім нысаны жеке қару және жұмыс үшін қажетті керек-жарақ тағылып киіледі.

46. Жазғы күнделікті киім нысанында күнделікті женіл жұн мата кительді немесе тужурка мен шалбарды (юбканы) киуге жол беріледі.

47. Мыналарды (ұлken бастықтың нұсқауы бойынша) киуге жол беріледі:

1) қысқы күнделікті киім нысанында жылы ауа райында және жазғы күнделікті киім нысанында сұық ауа райында капюшонсыз қысқы күртеше;

2) қысқы күнделікті киім нысанында қара түсті қысқы пальто (тек Әскери-теңіз күштерінің және ҰҚҚ Шекара қызметі теңіз бөлімшесінің әскери қызметшілері үшін);

3) қысқы және жазғы күнделікті киім нысанында китель орнына далалық свитер;

4) қысқы далалық киім нысанында жылы ауа райында және жазғы далалық киім нысанында сұық ауа райында қысқы далалық күртеше орнына маусымдық далалық күртеше.

3-параграф. Жейде, галстук, футболка, майка (тельняшка), кашне мен қолғап

48. Жейденің барлық түймесі оң жаққа, әскери қызметші әйелдер үшін сол жаққа қарай салынады және погон мен галстук (әйелдер галстугы) тағылып киіледі. Киілген мундир, китель, тужуркада жейде жағасы мундир (китель, тужурка) жағасының жоғарғы жиегімен бір деңгейде немесе одан кемінде 0,5 сантиметр шығып тұруға тиіс.

49. Мынадай жейдені киуге жол беріледі:

1) салтанатты және жазғы салтанатты киім нысанында мундирсіз (тужуркасыз) галстук тағылған, ал қызметтік үй-жайда кез келген жыл уақытында. Қызметтік міндеттерінде өткізу пунктінде құжатты ресімдеуге қатысу көзделген ҰҚҚ Шекара қызметі шекаралық бақылау бөлімшесінің әскери қызметшісіне жазғы уақытта қызмет өткергенде галстук тақпай, қысқа жендей;

2) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің басшылық құрамына жазғы құнделікті киім нысанында кительсіз (тужуркасыз) погон мен галстук (әйелдер галстугы) тағылған ашық жусан түстес, ашық көк және ақ түсті, ал дәрісханадағы (шеберханадағы) сабақта кез келген жыл уақытында.

Белгіленген ұлгідегі және түстегі жейде таза, үйлестіріп пішілген және үтіктелген, дұрыс таңдалған погон тағылып киіледі.

Түсі өнген және үтіктелмеген жейде, жейдені нысаны бұзылған және ластанған погон тағып киүгө, сондай-ақ жейденің артқы бойына бүрмені үтіктеп жазуға жол берілмейді.

50. Галстук жейдеге тағылады және жоғарғы жағынан үшінші және төртінші түйме арасында белгіленген ұлгідегі алтын түстес бекітпемен қыстырылады (әйелдер галстуғынан басқа). Галстук ұдайы таза күйде тағылады. Түсі өнген және ластанған галстук тағуға жол берілмейді.

51. Футболка (тельняшка) № 1 құнделікті киім нысанында, далалық және арнайы киім нысанында киіледі. Жазғы уақытта техникаға қызмет көрсету жұмысында, шаруашылық жұмыста футболканы бүркеніш түсті далалық жазғы күртешесіз немесе арнайы (жұмыс) күртешесіз киүгө жол беріледі.

Десанттық-шабуылдау әскерінің, Арнайы операциялар құштерінің, әскери барлау, теңіз жаяу әскері, Қорғаныс министрлігі мен Бас штабтың режимі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметін атқаратын әскери полицияның, ҚҚ әскери полициясы жедел ден қою бөлімшесінің, сондай-ақ ҚҚ-ның, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың арнайы мақсаттағы бөлімі мен бөлімшесінің әскери қызметшілеріне, Төтенше жағдайлар министрлігінің және Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне киім нысанының барлық түрін киіп жүру кезінде футболканың орнына тельняшка, жені жоқ тельняшка немесе жеңі қысқа тельняшка киіп жүргүре жол беріледі.

52. Ақ түсті кашне қысқы пальто жағасы астына ұқыпты салынып тағылады. Кашненің жоғарғы жиегі жағадан 1 – 2 сантиметр біркелкі шығып тұрады. Түсі өнген, белгіленбegen түсті және ұлгідегі кашне тағуға жол берілмейді.

53. Халықаралық әуежай әскери қатынас комендатурасының әскери қызметшілеріне ашық көк түсті жейде киүгө, қара көк түсті кашне мен галстук тағуға жол беріледі.

54. Салтанатты қолғап парадта салтанатты киім нысанында киіледі. Салтанатты киім нысанында ақ түсті былғары қолғап киүгө жол беріледі. Салтанатты киім нысанында парадта қара түсті қолғап ерекше нұсқау бойынша киіледі.

Қысқы қолғап қысқы құнделікті, далалық және жұмыс киімі нысанында киіледі, сондай-ақ жазғы киім нысанында сұық ауа райында киүгө жол беріледі. Қысқы қолғап орнына жылы қара түсті былғары, жұн қолғап және қорғаныш түсті қысқы қолғап киүгө жол беріледі.

Әскери сәлемдесу кезінде қолғап шешілмейді.

Қысқы нысанды киімде жылы ауа райында қысқы қолғапты кимеуге жол беріледі.

4-параграф. Аяқ киім, ұйық, шұлық пен колготки

55. Әскери киім нысанын киіп жүргенде белгіленген үлгіде, дұрыс жай-күйде және ұдайы тазаланатын аяқ киім киіледі. Бәтеңке бауы ұқыпты байланып, бауының ұшы қонышына салынып киіледі. Устіңгі жағы бұлінген немесе өкшесі желінген аяқ киімді, етіктің қонышын түсіріп немесе қайырып киуге жол берілмейді. Жазғы уақытта корабльдік құрамға корабльде, сондай-ақ ҚҚ Әуе қорғанысы құштерінің Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерінің жауынгерлік кезекшілік атқаратын әскери қызметшілеріне сандалет киуге жол беріледі. Әскери колледж кадеттеріне, ұландарына және "Жас ұлан" республикалық мектебінің тәрбиеленушілеріне бұқаралық спорттық іс-шаралар уақытында және дене шынықтыру сабағында, сондай-ақ сабактан бос уақытта спорттық кроссовки киуге жол беріледі.

56. Мыналарды (үлкен бастықтың нұсқауы бойынша) киуге жол беріледі:

1) жазғы далалық киім нысаны кезінде құм түстес жазғы далалық бәтеңке орнына жазғы далалық қара түсті бәтеңке (құз-көктемде жауын-шашын және оның салдары болғанда, қару-жарақ пен әскери техникаға қызмет көрсету, жөндеу, шаруашылық және арнайы жұмыс уақытында, мемлекет шекарасын құзету кезінде) немесе қонышы қысқа қара түсті бәтеңке (туфли) (курсанттардан, кадеттерден, ұландардан, тәрбиеленушілер мен мерзімді қызмет әскери қызметшілерінен басқа);

Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне жазғы далалық киім нысаны кезінде құм түстес далалық жазғы бәтеңке орнына – қара түсті далалық жазғы бәтеңке.

Қатардағы жауынгер, сержант және офицер құрамының лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлерге, далалық жазғы бәтеңке орнына зәйтүн түстес тактикалық бәтеңке (кроссовки) киіп жүргүре жол беріледі;

2) қысқы далалық киім нысаны кезінде далалық қысқы қара түсті бәтеңке орнына қысқы қонышы қысқа қара түсті етік.

Қысқы уақытта жылы ауа райында жазғы киім нысанының аяқ киімін киуге жол беріледі.

Салтанатты және күнделікті киім нысаны кезінде белгіленген аяқ киіммен бірдей пішінді қара түсті азаматтық аяқ киім (өкшесінің биіктігі 4 сантиметрден аспайды) киуге жол беріледі.

57. Ұйық: қара түсті және құм (зәйтүн) түстес аяқ киімде қара (қорғаныш), ақ түсті аяқ киімде ақ түсті киіледі. Түсі өнген, белгіленбекен түсті ұйық киуге жол берілмейді.

58. Әскери қызметші әйелдер үшін шұлық пен колготки қысқы киім нысаны кезінде қара түсті, жазғы киім нысанында ақшыл сары түсті киіледі. Түсі өнген, белгіленбекен түсті шұлық пен колготки киуге жол берілмейді.

59. ҚҚ, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар үшін киім-кешек "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының

әскери киім нысаны мен айырым белгілері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 144 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери киім нысаны мен айырым белгісі үлгілерінің сипаттамасы мен суретінде келтірілген.

5-параграф. Амуниция – қаруды, оқ-дәрілер мен басқа да әскери жабдықты алыш журуді женілдететін әскери киім нысанының заттары (белбеу, шағын сөмкө, жақпарлы қеудеше)

60. Қатардағы жауынгер, сержант пен офицер құрамының лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің, әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицерлердің мундирінде (тужуркасында) салтанатты белдік алдыңғы жағында жоғарыдан үшінші түймеге тиіп тұрады.

Қысқы пальтоға салтанатты белдік таққанда ол жоғарыдан үшінші түймеге тиіп тұрады.

Белдікті таққанда тоғасы алдыңғы жағында ортасында тұрады.

61. Далалық белбеу осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген жағдайда әскери полиция органдарының әскери қызметшілері үшін далалық костюмге, қысқы далалық костюмге тағылады.

Далалық белбеуді таққанда тоғасы (жарақ) орта жағында тұрады.

62. Мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге, әскери оқу орны (әскери факультет) курсанттарына, әскери колледж кадеттеріне және "Жас ұлан" республикалық мектебі тәрбиленушілеріне далалық белбеу орнына жez тоғалы қоңыр түсті белдік белбеу тағуға жол беріледі. Салтанатты белбеу қысқы салтанатты күртеше немесе китель сыртынан тағылады. Далалық белбеу далалық костюм, қысқы далалық костюм, қысқа тон, жылы қеудеше, Әскери-теңіз күштерінде сыртқы нысанды жейде, нысанды жейде кигенде шалбар сыртына тағылады.

Мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің бүркеніш түсті қысқы және жазғы күртешесін, әскери оқу орны (әскери факультет) курсанттарының, әскери колледж кадеттерінің, ұландарының және "Жас ұлан" республикалық мектебі тәрбиленушілерінің қысқы күртешесін, қысқы пальто кигенде салтанатты ақ түсті белдік белбеудің төменгі жиегі жамбас сүйегі жоғарғы бөлігінің жиегінде тұратындар, кительде үшінші түйменің үстін жауып тағылады.

63. Пистолет кобурасы он жақ жанында далалық белбеуге (жараққа):

1) ҚҚ-де (Әскери-теңіз күштерінен басқа) қысқы пальто, қысқы күртеше, китель, далалық жазғы және қысқы күртеше сыртына, жейде астына (белдік белбеуге);

2) Әскери-теңіз күштерінде қысқы пальто, бушлат, қысқы күнделікті күртеше және далалық жазғы және қысқы күртеше сыртына, тужурка және сыртқы нысанды жейде, нысанды жейде кигенде жейде астына шалбар сыртына тағылады.

64. Кездік Әскери-төңіз күштерінде салтанатты белдікпен тужурка, қысқы пальто сыртына сол жақ жанына тағылады.

Үлкен бастықтың нұсқауы бойынша тужурка астына тағуға жол беріледі.

65. Далалық сөмке жазғы, маусымдық және қысқы далалық және күнделікті киім нысанында киім-кешек сыртынан оң жақ иыққа тартылған белдікте сол жақ жанына тағылады.

Саптан тыс сол қолда далалық сөмке ұстауға жол беріледі.

66. Аксельбант салтанатты киім нысаны кезінде:

1) жоғары офицерлер құрамы, полковник атағындағы және құрметті қарауыл бөлімшесінің әскери қызметшілері, әскери дирижерлар мен үрлемелі оркестр музыканнтары екі ұштығы бар алтын түстес;

2) аға және кіші офицер құрамы, қатардағы жауынгер, сержант және офицер құрамының лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскери қызметші әйелдер бір ұштығы бар алтын түстес;

3) әскери оқу орны (әскери факультет) курсанттары, мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскери колледж кадеттері, ұландары және республикалық мектеп тәрбиеленушілері бір ұштығы бар күміс түстес (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы күштерінде алтын түстес) тағылады.

67. Әскери қызметшілер үшін амуниция осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген.

Арнайы мақсаттағы бөлімшениң әскери қызметшілері үшін амуницияны бөлімше командирі айқындайды.

3-тарау. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының айырым белгісі

1-параграф. Погон мен шағын погон

68. Жапсыра тігілетін погон қысқы пальтоға тағылады.

Тағылатын погон мундирге, кительге, тужурка мен қысқа тонға тағылады.

Муфтадағы погон қысқы күртешеге, № 1 күнделікті костюмге, жейдеге және теріден тігілген күртешеге тағылады.

Әскери атағы бойынша және қан тобы көрсетілген кеудеге жапсырма жазғы, қысқы және бүркеніш түсті маусымдық күртешеге, далалық свитерге тағылады. Бұл ретте жапсырманың төменгі жиегі кокетканың жоғарғы жиегі бойынша өтеді.

Әскери атағы бойынша кеудеге жапсырма далалық киім-кешектің оң жағына, ал қан тобы сол жағына тағылады.

ҚК Әуе қорғанысы күштерінің әскери қызметшілерінің арнайы киім нысанына әскери атағы бойынша төртбұрышты пішінді кеудеге жапсырма сол жақ кеудеге жаға ұшының деңгейіне тағылады.

ҰҚҚ Авиация қызметі әскери қызметшілерінің арнайы киім нысанына тағу көзделген әскери атағы бойынша шаршы пішінді қеуде жапсырмасы сол жақ қеудеге кокетка үстінен тағылады.

Әскери атағы бар ҰҚҚ Шекара қызметінің жағалық бөлімшесінің, теңіз бөлімшесінің әскери қызметшілері негізі белгіленген түсті және жиегі ашық жасыл түсті погон тағады.

ҰҚҚ Авиация қызметінің әскери қызметшілері күнделікті киім нысанында негізі қара көк түсті погон тағады.

Штаттық әскери-есептік мамандығы корабльдік емес Әскери-теңіз күштері жағалық бөлімшесінің әскери қызметшілері (әскери атағы бар) жиегі қызыл түсті погон тағады.

Шағын погон сыртқы нысанды жейдеге, нысанды фланель жейдеге және жұмыс костюміне жапсыра тігіліп тағылады.

69. Погонға жұлдыздарды (шағын жұлдыздарды) тағу осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген.

70. Погонға жапсырма тағу осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген.

2-параграф. Жендеңі және айырым төсбелгісі

71. Әскери қызметшілердің Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға тиесілігін көрсететін шеврон женінің жоғарғы нүктесінен 12 сантиметр аralықта киім-кешектің сол жақ жеңіне тігіледі, әскери колледж ұландары, кадеттері және "Жас ұлан" республикалық мектебінің тәрбиеленушілері үшін женінің жоғарғы нүктесінен 8 сантиметр аralықта тігіледі.

Қазақстан Республикасынан тыс жерде халықаралық міндеттемелерді орындағайтын және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Бітімгершілік операциялар орталығының әскери қызметшілері белгіленгенге ұқсас жазуы ағылшын тіліндегі шеврон мен жапсырма тағады.

72. Әскери қызметшілердің ҚҚ түріне, әскер тегіне, бас қолбасшылыққа, өнірлік қолбасшылыққа, әскери бөлімге тиесілігін көрсететін жендеңі белгі женінің жоғарғы нүктесінен 12 сантиметр аralықта киім-кешектің оң жақ жеңіне тігіледі және диаметрі 80 миллиметр шеңбер пішінді (командалық лауазымда келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін сержант пен старшинаға шевроннан басқа) болады. Әскери полиция әскери қызметшілері үшін жендеңі белгі женінің жоғарғы нүктесінен 2 сантиметр аralықта тігіледі. Әскери колледж кадеттері, ұландары және "Жас ұлан" республикалық мектебінің тәрбиеленушілері үшін женінің жоғарғы нүктесінен 8 сантиметр аralықта болады.

ҰҚҚ Авиация қызметінің шевроны диаметрі 70 миллиметр шеңбер пішінді болады.

73. Киім-кешектің оң жақ жеңіне тағылатын шеврон командалық лауазымда келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін сержант пен старшина үшін женінің жоғарғы нүктесінен 12 сантиметр аralықта тігіледі, қалқан пішінді білдіреді. Шеврон

көлемі: биіктігі бойынша 90 миллиметр, ені бойынша 75 миллиметр. Шеврон жиегі, ондағы жазу мен сурет түсі – алтын түстес.

74. Мемлекетке тиесілікті білдіретін белгі (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы бейнеленген) № 1 күнделікті киім нысаны костюмінің сол жағына кокетка үстінен тігіледі.

Маман сыныптық біліктілігі белгісі № 1 күнделікті киім нысаны костюмінің оң жағына кокетка үстінен тігіледі.

ҰҚҚ Авиация қызметі әскери қызметшілерінің арнайы киім нысанына тағу көзделген маман сыныптық біліктілігі белгісі киім-кешек матасының түсімен бірдей жапсырма түрінде қеуденің оң жағына кокетка үстінен тағылады.

ҚҚ Десанттық-шабуылдау әскерлеріне тиесілікті білдіретін белгі тағуға жол беріледі. Басқа әскери қызметшілер тек халықаралық міндеттемелерді орындаған, халықаралық оқу-жаттығу өткізілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтік іссапарға шыққан кезде оң және (немесе) сол жақ жеңге жеңнің жоғарғы нұктесінен 2 сантиметр аралықта тағады.

Белгі оң жаққа тағылғанда ол Мемлекеттік Тудың оң жағын (өрнек Тудың оң жағына орналасқан, қалықтап ұшқан қыран оң жаққа бағытталған) бейнелеуге тиіс.

Парашиоттік-десанттық даярлық бойынша төсбелгі көлемі ұзындығы бойынша 60 миллиметр, биіктігі бойынша 30 миллиметр далалық және арнайы киім-кешекке әскери атағы бойынша айырым төсбелгісі үстінен оң жаққа тігіледі.

75. Әскери-теніз күштері корабльдік құрамының адмиралы мен офицерінің әскери атағы бойынша (корабльдік әскери атағы бар) жеңдегі айырым белгісі тужуркаға сыртқы жағынан екі жақ жеңде жеңнің төменгі жиегінен 10 сантиметр аралықта тағылады.

Корабльдік емес әскери-есептік мамандығы бар (әскери атағы бар) Әскери-теніз күштері жағалық бөлімшесінің әскери қызметшілері әскери атағы бойынша жеңдегі айырым белгісін тақпайды.

76. Әскери оқу орны курсанттарының (Әскери-теніз күштерінен, ҰҚҚ Шекара қызметінің теңіз бөлімшесінен басқа) оқу курсы бойынша жеңдегі белгісі әскер түрінің, әскер тегінің түсі бойынша шұғадан тігілген қақпақшага ұшы төмен қаратып тігілетін алтын түстес оқадан жасалған бұрыштама китель және қысқы пальто сол жақ жеңнің сыртқы жағына Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға тиесілікті көрсететін жеңдегі белгіден 1 сантиметр төмен оның төменгі жиегіне қарама-қарсы тігіледі.

Оқу курсына сәйкес жеңдегі белгіге бұрыштама тағылады: бір, екі, үш, төрт, бес – тиісінше 1, 2, 3, 4, 5-курс курсанттары үшін.

Оқа ені 10 миллиметр, ұзындығы 75 миллиметр. Бұрыштама арасындағы аралық 2 миллиметр.

77. Эскери-теңіз күштері, ҰҚҚ Шекара қызметі теңіз бөлімшесінің әскери оқу орны курсанттарының оқу курсы бойынша жеңдегі белгісі – қара (сыртқы нысанды жейдеге – ак) түсті шұғадан тігілген ұшы төмен қаратып тағылған алтын түстес оқадан жасалған бұрыштама сол жақ жеңінің сыртқы жағына тігіледі. Бұрыштаманың үстіңгі жағына Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери қуралымдарға тиесілікті көрсететін жеңдегі белгіден 1 сантиметр төмен оның төменгі жиегіне қарама-қарсы тігілетін диаметрі 20 миллиметр алтын түстес жұлдыз тағылады.

Оқу курсына сәйкес жеңдегі белгіге бұрыштама тағылады: бір, екі, үш, төрт, бес – тиісінше 1, 2, 3, 4, 5-курс курсанттары үшін.

Оқа ені 10 миллиметр, ұзындығы 75 миллиметр. Бұрыштама арасындағы аралық 2 миллиметр. Бұрыштаманың жоғарғы бұрышының ұшын біріктіретін сызықтан тік эмблема жұлдызының ортасына дейінгі аралық 25 миллиметр.

78. Сержант құрамының лауазымды айқындайтын, негізі қорғаныш түсті және жазба қара түсті әріптермен мемлекеттік тілде жазылған жеңдегі белгісі жазғы және қысқы далалық күртешеге жеңінің жоғарғы нұктесінен 2 сантиметр аралықта тағылады.

3-параграф. Бас киімге кокарда, әмблема, тігіс пен жапсырма

79. Бас киімге кокарда, әмблема, тігіс пен жапсырма Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының ҚҚ, басқа да әскерлері мен әскери қуралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны және айырым белгісі үлгілерінің сипаттамасы мен суреттеріне сәйкес тағылады.

80. Беретке жапсырма жиегі алтын түстес қалқан пішінді және берет ортасынан 50 миллиметр аралықта сол жаққа тағылады. Жапсырма көлемі: биіктігі 50 миллиметр, ені 40 миллиметр.

Десанттық-шабуылдау әскерлері үшін беретке жапсырма пішіні трапеция тәрізді және береттің сол жағына жапсыра тігіледі. Алдыңғы бөлігінің биіктігі 35 миллиметр, артқы бөлігінің биіктігі 15 миллиметр, жоғарғы бөлігінің ұзындығы 80 миллиметр және төменгі бөлігінің ұзындығы 70 миллиметр.

4-параграф. Киім-кешекке әмблема, тоға, шытыр, түйме, өрнек пен тігіс

81. Киім-кешекке әмблема, тоға, шытыр, түйме, өрнек пен тігіс Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы ҚҚ, басқа да әскерлері мен әскери қуралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны және айырым белгісі үлгілерінің сипаттамасы мен суреттеріне сәйкес тағылады.

82. ҚҚ, басқа да әскерлер мен әскери қуралымдар (Әскери-теңіз күштерінен, теңіз жаяу әскері бөлімінен, ҰҚҚ Шекара қызметінің теңіз бөлімшесінен және әскери прокуратура органынан басқа) әскери қызметшілерінің (жоғары офицер құрамынан басқа) мундирі мен кителінің жағасына алтын түстес "KZ" әмблемасы жағаның төменгі

жиегіне қарама-қарсы тағылады. Жағаның төменгі жиегінен әріптердің төменгі жиегіне дейінгі аралық 15 миллиметр.

4-тaraу. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери киім нысанына орден, медаль, планкадағы орден лентасы мен медаль лентасын және басқа да ерекшелік белгісін тағу

83. Әскери киім нысанына (мундирге, тужуркаға, кительге, күнделікті костюмге, сыртқы нысанды жейдеге, нысанды жейдеге) орден мен медаль немесе планкадағы орден лентасы мен медаль лентасын және әскери төсбелгіні тағу міндettі болып табылады.

Әскери қызметшілерге салтанатты киім нысанына сегіз ведомствоның, халықаралық медальды және басқа да мемлекет наградасынан астам тағуға жол берілмейді.

Егер дәрежесі бойынша бөлінетін ведомствоның, халықаралық медаль және басқа мемлекеттер наградасы сегізден астам болғанда, анағұрлым жоғары дәрежедегі тағылады.

84. Жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі: "Алтын Қыран", "Халық Қаһарманы" алтын жүлдyz медалі, "Отан" ордені, сондай-ақ құрмет атағына төсбелгі жазғы салтанатты (жейдеге), жазғы күнделікті (жейдеге), далалық және жұмыс киім нысанынан басқа, барлық киім нысанына тағылады.

85. Салтанатты киім нысанына:

- 1) жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – "Алтын Қыран" ордені, "Халық Қаһарманы" алтын жүлдyz медалі, "Отан" ордені;
- 2) орден мен медаль;
- 3) құрмет атағына төсбелгі;
- 4) депутат төсбелгісі;
- 5) "Қазақстанның гарышкер-ұшқышы" төсбелгісі;
- 6) "Корабль командирі" төсбелгісі;
- 7) "Алыс жорық үшін" төсбелгісі;
- 8) үздік және сыныпты маман төсбелгісі;
- 9) әскери, арнаулы оқу орнын аяқтағаны туралы төсбелгісі тағылады.

86. Жазғы (жейдеге) киім нысанынан басқа, салтанатты және күнделікті киім нысанына:

- 1) әскери, арнаулы оқу орнын аяқтағаны туралы төсбелгі;
- 2) жоғары азаматтық оқу орнын аяқтағаны туралы төсбелгі;
- 3) үздік және сыныпты маман төсбелгісі;
- 4) парашюттік-десанттық даярлық бойынша төсбелгі;
- 5) спорттық белгі мен медаль;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да ерекшелік белгісі тағылады.

Осы оқу орнында тек курстық даярлықты (әскери-академиялық курсы, біліктілікті арттыру курсын) аяқтағанда жоғары және орта әскери оқу орнын аяқтағаны туралы төсбелгіні тағуға жол берілмейді.

87. Салтанатты сұр түсті мундирге және күнделікті киім нысанына орден мен медаль орнына планкадағы орден лентасы мен медаль лентасы, сондай-ақ ерекшелік белгісі, оның ішінде осы Қағидалардың 86-тармағында көрсетілген төсбелгі тағылады.

88. Жаралану санының белгісі жазғы салтанатты (жейдеге), жазғы күнделікті (жейдеге), далалық және арнайы (жұмыс) киім нысанынан басқа, барлық киім нысанына орден мен медальдан 10 миллиметр жоғары оң жақ қеудеге, ал орден мен медаль болмағанда оның орнына тағылады.

89. Жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі: "Алтын Қыран" ордені, "Халық Қаһарманы" алтын жүлдyz медалі, "Отан" ордені орден мен медальдан немесе планкадағы орден лентасы мен медаль лентасынан жоғары сол жақ қеудеге тағылады.

Екі немесе одан көп жоғары дәрежелі ерекшелік белгісін таққанда ол киімге мынадай реттілікпен, жүлдyzдар екі жағындағы ұзындығы 10 миллиметр аралықпен оңдан солға қарай бір қатарға бөлек тағылады: "Алтын Қыран" ордені, "Халық Қаһарманы" алтын жүлдyz медалі, "Отан" ордені.

"Алтын Қыран" ордені, "Халық Қаһарманы" алтын жүлдyz медалі, "Отан" ордені:

1) екі жаққа қаусырмалы мундирге, тужурка мен кительге лацканнан солға қарай медаль тегершігінің жоғарғы жиегі лацкан бұрышы деңгейінде болатындей;

2) бір жаққа қаусырмалы мундирге, китель мен күртешеге лацканнан солға қарай медаль тегершігінің жоғарғы жиегі лацкан қылғы деңгейінде болатындей;

3) сыртқы нысанды жейдеге, нысанды фланель жейдеге орден мен медаль жүлдyzының төменгі бұрышы жаға қылғы бұрышынан 80 миллиметр жоғары тұратындей тағылады.

90. Тегершікке тағылатын бұрынғы Кенес Социалистік Республикалар Одағы (бұдан әрі – КСРО), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі – ТМД) және өзге де шетел мемлекетінің ордені сол жақ қеудеге, ал тегершіксіз тағылатын орден оң жақ қеудеге тағылады. Барлық медаль сол жақ қеудеге тағылады.

91. Мемлекеттік награда "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен тағылады.

92. Сол жақ қеудеге тағылатын медаль мынадай тәртіппен:

1) респубикалық маңыздығы мерейтой медалі уақытының өту тәртібінде;

2) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мерейтой медалі уақытының өту тәртібінде;

3) "Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да

әскерлер мен әскери құралымдардың ведомствоның және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155 Жарлығымен бекітілген ведомствоның медаль осы Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының тізбесі бойынша маңыздылық дәрежесі тәртібінде;

4) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомствоның наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 1539 қаулысымен бекітілген ведомствоның медаль осы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының тізбесі бойынша маңыздылық дәрежесі тәртібінде тағылады.

Әскери қызметшінің әртүрлі ведомствоның медалімен наградтағанда ол әскери қызметші әскери қызмет өткөретін ведомство медалінен кейін оңдан солға қарай маңыздылық дәрежесі тәртібінде тағылады.

Орденмен және медальмен наградталған адамдарға оның орнына белгіленген үлгідегі награда нышаның тағуға жол беріледі.

93. Сол жақ қеудеде екі және одан да көп орден таққанда, сондай-ақ көрсетілген орденмен бірге медаль таққанда олардың тегершігі осы Қағидалардың 92 және 93-тармақтарында белгіленген тәртіппен оңдан солға қарай бір қатарда біріктіріледі. Бір атаулы орден мен медаль наградтау уақыты тәртібінде қатар тағылады. Бір қатарға сыймайтын орден мен медаль бірінші қатардан төмен екінші және келесі қатарға түсіріледі және оңдан солға қарай белгіленген кезектілікпен тағылады.

94. Сол жақ қеудеге орден мен медаль тағу бірінші қатардағы жалпы планканың (тегершіктің) жоғарғы жиегі:

1) екі жаққа қаусырмалы мундирде, китель мен тужуркада лацкан деңгейінен 70 миллиметр төмен;

2) сыртқы нысанды жейдеде, нысанды фланель жейдеде жаға қызығының бұрышы деңгейінен 70 миллиметр жоғары болатында жүргізіледі.

Екінші қатардағы орден мен медаль тегершігінің жалпы планкасы бірінші қатардағы орден мен медаль астына кіріп түрады, үшінші және келесі қатар ұқсас тәртіппен тағылады.

95. Оң жақ қеудеге екі және одан да көп орден таққанда солдан онға қарай олардың екі жанының шеті аралығы 5 миллиметр аралықпен бір қатарға көлденең тағылады. Дәрежесі бар бір атаулы орден наградтау уақыты тәртібінде бір қатарға тағылады.

Бір қатарға сыймайтын орден бірінші қатардан төмен тағылатын екінші және келесі қатарға түсіріледі және солдан онға қарай көрсетілген кезектілікпен тағылады. Орден қатары арасындағы аралық 10 миллиметр.

Бірінші қатардағы ордениң (медаль тегершігінің) жоғарғы шеті сол жақ қеудеге тағылатын орден мен медаль бірінші қатарының жалпы планкасы (тегершігі) үшін белгіленген деңгейге тағылады.

96. Жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі, бұрынғы КСРО, ТМД және шетел мемлекетінің ордені мен медалі мәртебесіне сәйкес кезектілікпен Қазақстан Республикасының наградасынан кейін тағылады.

97. Планкадағы орден лентасы мен медаль лентасы сол жақ қеудеге:

- 1) мундирге, кительге, тужуркаға лацкан бұрышы деңгейінен 70 миллиметр төмен;
- 2) сыртқы нысанды жейдеге, нысанды фланель жейдеге жаға қызығының бұрышы деңгейінен 70 миллиметр жоғары тағылады.

98. Планкадағы орден лентасы мен медаль лентасы оңдан солға қарай осы Қағидалардың 92 және 93-тармақтарына сәйкес тағылады.

Бір планкаға сыймайтын лента екінші және келесі планкаға түсіріледі, лентасы бар дайын планка биіктігі 10 миллиметр.

99. Бұрынғы КСРО, ТМД және шетел мемлекетінің ордені мен медалінің лентасы планкаға мәртебесіне сәйкес кезектілікпен Қазақстан Республикасының планкадағы орден лентасы мен медаль лентасынан кейін тағылады. Бір қатарға сыймайтын орден және медаль лентасы келесі қатарға түсіріледі.

100. Құрмет атағына төсбелгі оң жақ қеудеге тағылады және орден мен медальдан жоғары:

1) екі жаққа қаусырмалы және бір жаққа қаусырмалы мундирге, тужурка мен кительге лацканнан оңға қарай белгі тегершігінің жоғарғы жиегі лацкан бұрышы деңгейінде болатындай етіп;

2) сыртқы нысанды жейдеге, нысанды фланель жейдеге белгінің төменгі жиегі жаға қызығының бұрышы деңгейінен 80 миллиметр жоғары болатындай тағылады.

101. Депутат төсбелгісі сол жақ қеудеге тағылады және:

- 1) екі жаққа қаусырмалы мундир мен тужуркаға лацкан ортасына ілгек деңгейіне;
- 2) бір жаққа қаусырмалы мундир мен кительге лацкан ортасына оның бұрышы деңгейіне;

3) сыртқы нысанды жейдеге, нысанды жейдеге орден мен медальдан немесе орден мен медаль лентасы бар планкадан 10 миллиметр жоғары тағылады.

102. Маманның сыныптық біліктілігі төсбелгісі оң жақ қеудеге лацкан деңгейінен 70 миллиметр төмен тағылады.

Жоғары оқу орнын аяқтағаны туралы төсбелгі сыныптық біліктілігі төсбелгісінен 10 миллиметр төмен тағылады.

"Алыс жорық үшін" төсбелгісі оң жақ қеудеге бір деңгейде оқу орнын аяқтағаны туралы төсбелгіден оңға қарай тағылады.

"Құрметті шекараши" төсбелгісі оң жақ қеудеге бір деңгейде жоғары әскери оқу орнын аяқтағаны туралы төсбелгісінен солға қарай тағылады.

Қазақстан Республикасының Президенті, Үкімет және мемлекеттік органның бірінші басшылары берген басқа да ерекшелік және ведомствоның төсбелгісі оң жақ қеудеге бір қатарда лацкан деңгейінде және солдан оңға қарай тағылады.

103. Эскери қызметшіде екі және одан көп азаматтық жоғары және әскери оқу орнын бітіргені туралы төсбелгі болғанда барлық төсбелгі тағылады.

Азаматтық жоғары оқу орнын (университет, институт) бітіргені туралы төсбелгі жоғары әскери оқу орнын бітіргені туралы төсбелгі болғанда одан он жақта қарай бір деңгейде тағуға жол беріледі.

Жоғары әскери оқу орнын бітіргені туралы белгі болғанда әскери оқу орнын бітіргені туралы белгі тағылмайды.

Әскери колледж, республикалық мектеп және арнайы мектеп-интернат бітіргені туралы төсбелгі он жақ кеудеге тағылады және одан онға қарай жоғары немесе орта әскери оқу орнын бітіргені туралы белгімен бір деңгейде, ал белгі болмағанда оның орнына тағылады.

104. Бұрынғы КСРО, ТМД және шетел мемлекетінің ерекшелік төсбелгісі Қазақстан Республикасының төсбелгісінен кейін тағылады.

105. Әскери қызметшінің салтанатты және күнделікті киім-кешегіне орден, медаль мен ерекшелік белгісін тағу осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларда келтірілген.

Әскери қызметшінің күнделікті костюміне планкадағы медаль мен ерекшелік белгісі осы Қағидаларға 5-қосымшага ұқсас орналастырылады.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің, басқа да
әскерлері мен әскери
құралымдарының әскери киім
нысынан киіп жүру және
айырым белгілерін, сондай-ақ
басқа да белгілерді тағып
жүру қағидаларына
1-қосымша

Әскери қызметшілерге амуниция

1. Амуниция жиынтығы құрамына мынадай заттар кіреді:

P/c №	Заттар атауы	Заттар саны	Ескертпе
1.	Қорғаныш дұлыға	1	
2.	Броньды қеудеше, броньды жүйе (жүзу броньды қеудешесі)	1	
3.	Қатпарлы қеудеше	1	Қатпарлы белдік, иық немесе иық-белдік жүйесі бауын тағуға жол беріледі
4.	Далалық белдік	1	Қатпарлы белдік тағуға жол беріледі
5.	Плащ-шатыр плащ-жамылғы)	(1	

6.	Астары және жылу ұстайтын кілемшесі (каримат) бар жатын қап	1	
7.	Жеке зат салатын рюкзак (сөмке)	1	
8.	Рюкзак (зат қабы)	1	
9.	Оқжатарға шағын сөмке	1	
10.	Иық баулы қол оқшашарының оқжатарына шағын сөмке	1	Оқшашаршыға беріледі
11.	Қол гранатасына сөмке	2	
12.	Құтыға қап	1	
13.	Құрастырылған бақырға қап	1	

Ескертпе: Басқа әскери мамандық әскери қызметшісіне амуниция жиынтығына тиесілі қаруға сәйкес өзгерістермен жоғарыда атап көрсетілген заттар кіреді.

2. Амуницияны жинау және тағу:

1) далалық белбеуге немесе жараққа иық бау немесе иық-белдік жүйесі және амуниция заттары тағылады;

2) арқадағы белдік ілгегі бел ортасында, ал баудың пішінді жиегі жауырын арасында орналасатында иық немесе иық-белдік жүйесінің бауы бойы мен өлшемі бойынша шақтап келтіріледі;

3) белбеу мен иық немесе иық-белдік жүйесіне бауға қажетті шағын сөмке мен қап бекітіледі және оларға оқ-дәрі, граната, құты, құрастырылған бақыр, газтұмша және жеке қорғаныс құралдары салынады;

4) амуниция тағылады.

Командирдің (бастықтың) нұсқауы бойынша кейбір амуниция заттарын жеке заттар салынатын сөмкеде (рюкзакта) немесе зат қабында сақтауға (салуға) жол беріледі.

3. Плащ-шатырды жинау мынадай реттілікпен жүргізіледі:

1) плащ-шатыр оның төмен бұрышына тігілген ілмек кенептің сыртқы жағында болатында бет жағын сыртына қаратып төрт бұктеп (тік және көлденең бұктеп) жиналады;

2) жиналған кенеп екі қабаттап бұктеледі және одан кейін ілмегі ораманың сыртқы жағында болатында жиналады.

4. Келісімшарт бойынша және әскерге шақыру бойынша офицерлер мен келісімшарт бойынша сержанттар мен сарбаздардың жеке заттары салынатын сөмкеге (рюкзакқа) немесе зат қабына мыналар салынады:

1) қолданылмағанда плащ-шатыр (плащ-жамылғы);

2) жатын қап;

3) бас киім (қысқы далалық киім нысанында – жазғы бас киім, жазғы далалық киім нысанында – қысқы бас киім);

4) қосымша ұйық – 4 жұп (2 жұп жазғы, 2 жұп термоұйық) (термоұйық орнына – 2 жұп қысқы ұйық рүқсат етіледі), іш киім – 1 жиынтық, термоішкиім – 1 жиынтық (термоішкиім орнына – 1 жиынтық жылы іш киім рүқсат етіледі), белгіленген түсті футболка – 1 дана, трусы – 1 дана және жаға астары – 2 дана (немесе өлшенген ақ түсті материал);

- 5) кружка мен қасығы бар бақыр;
- 6) жеке тамақтану рационы (қоймада сақталады, ерекше кезенде беріледі);
- 7) қолданылмағанда қорғаныш дулығасы (болат, кевлар және басқалары);
- 8) жуыннатын керек-жарақ (қорапқа салынған иіс сабын, тіс пастасы, қорапқа салынған тіс щеткасы, қырыну керек-жарағы) және сұлгі – 2 дана (бет және аяқ);
- 9) шаруашылық керек-жарақ заттары (ақ түсті жіп – 1 дана, қорғаныш түсті жіп – 1 дана, тігін инесі – 2 дана, киім мен аяқ киім щеткасы, түйме жинағы, аяқ киім майлағышы);
- 10) жеке таңу пакеті;
- 11) қолшам;
- 12) сіріңке – 1 қорап, майшам – 2 дана;
- 13) жиналмалы пышақ (кеңселік пышақ пен ұштағышқа жол беріледі);
- 14) жазу керек-жарағы жинағы (A5 форматтағы дәптер – 1 дана, конверт – 2 дана, қалам – 1 дана, автоқалам – 1 дана).

Далалық сөмке болғанда командирлік қолшам, бәкі және жазу құралдары жеке заттары салыннатын сөмкеге (рюкзакқа) салынбайды.

5. Курсанттардың, кадеттердің және мерзімді қызмет өткеретін әскери қызметшілердің жеке заттары салыннатын сөмкеге (рюкзакқа) немесе зат қапшығына мыналар салынады:

- 1) қолданылмағанда плащ-шатыр;
- 2) жатын қап;
- 3) бас киім (қысқы далалық киім нысанында – жазғы бас киім, жазғы далалық киім нысанында – қысқы бас киім);
- 4) қосымша ұйық – 4 жұп (2 жұп жазғы, 2 жұп термоұйық) (термоұйық орнына – 2 жұп қысқы ұйық рүқсат етіледі), іш киім – 1 жиынтық, термоішкиім – 1 жиынтық (термоішкиім орнына – 1 жиынтық жылы іш киім рүқсат етіледі), белгіленген түсті футболка – 1 дана, трусы – 1 дана және жаға астары – 2 дана (немесе өлшенген ақ түсті материал);
- 5) кружка мен қасығы бар бақыр;
- 6) жеке тамақтану рационы (қоймада сақталады, ерекше кезенде беріледі);
- 7) қолданылмағанда қорғаныш дулығасы (болат, кевлар және басқалары);
- 8) жуыннатын керек-жарақ (қорапқа салынған иіс сабын, тіс пастасы, қорапқа салынған тіс щеткасы, қырынуға керек-жарақ) және сұлгі – 2 дана (бет және аяқ);

9) шаруашылық керек-жарақ заттары (ақ түсті жіп – 1 дана, қорғаныш түсті жіп – 1 дана, тігін ине – 2 дана, киім мен аяқ киім щеткасы, қорғаныш түсті түйме – 2 дана, аяқ киім майлағышы);

10) жеке таңу пакеті;

11) жазу керек-жарағы жинағы (A5 форматтағы дәптер – 1 дана, конверт – 2 дана, қалам – 1 дана автоқалам – 1 дана).

6. Командирлік далалық сөмкеге мыналар салынады:

1) жұмыс және анықтама дәптері;

2) офицер сыйзышы;

3) түсті қарындаш (қызыл түсті – 2 дана, көк түсті – 2 дана, қара түсті – 1 дана, қоңыр түсті – 1 дана, жасыл түсті – 1 дана, сары түсті – 1 дана);

4) фломастер жинағы;

5) өшіргіш (резенке), қарындашқа ұштағыш, қайшы, кеңсе пышағы;

6) құбылнама;

7) курвиметр, циркуль-өлшегіш;

8) қол шам.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің, басқа да
әскерлері мен әскери
құралымдарының әскери киім
нысанын киіп жүру және
айырым белгілерін, сондай-ақ
басқа да белгілерді тағып
жүру қағидаларына
2-қосымша

Погонға жұлдыздарды (жұлдызшаларды) тағу

P/c №	Әскери атағы	Жұлдыз (шағын жұлдыз), саны	Погонның төменгі жиегінен бірінші жұлдыз (шағын жұлдыз) ортасына дейінгі аралық, миллиметр	Погон бойындағы жұлдыздар (шағын жұлдыздар) ортасы арасындағы аралық, миллиметр
1	Армия генералы	4	30	25
2	генерал-полковник, адмирал	3	30	25
3	генерал-лейтенант, вице-адмирал	2	30	25
4	генерал-майор, контр-адмирал	1	55	-
5	полковник, 1-дәрежелі капитан	3	35	25
6	подполковник, 2-дәрежелі капитан	2	35	-

7	майор, 3-дәрежелі капитан	1	55	-
8	капитан, капитан-лейтенант	4	30	20
9	аға лейтенант	3	30	25
10	лейтенант	2	30	-


Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің, басқа да
әскерлері мен әскери
құралымдарының әскери киім
нысандың киіп жұру және
айырым белгілерін, сондай-ақ
басқа да белгілерді тағып
жұру қағидаларына
3-қосымша

Погонға жапсырма тағу

P/c №	Әскери атағы	Бұрыштама түріндегі жапсырма саны	Жапсырма ені, миллиметр
1	Шебер-сержант (шебер-старшина)	бұрыштама түріндегі екі жалпақ және бір жінішке жапсырма	жалпақ жапсырма ені 15, жінішке жапсырма ені 7
2	Штаб-сержант (штаб-старшина)	бұрыштама түріндегі көлденең екі жалпақ жапсырма	жалпақ жапсырма ені 15
3	Бірінші сыныпты сержант (бірінші сыныпты старшина)	бұрыштама түріндегі көлденең бір жалпақ және үш жінішке жапсырма	жалпақ жапсырма ені 15, жінішке жапсырма ені 7
4	Екінші сыныпты сержант (екінші сыныпты старшина)	бұрыштама түріндегі көлденең бір жалпақ және екі жінішке жапсырма	жалпақ жапсырма ені 15, жінішке жапсырма ені 7
5	Үшінші сыныпты сержант (үшінші сыныпты старшина)	бұрыштама түріндегі көлденең бір жалпақ және бір жінішке жапсырма	жалпақ жапсырма ені 15, жінішке жапсырма ені 7
6	Аға сержант (бас старшина)	бұрыштама түріндегі көлденең бір жалпақ жапсырма	жалпақ жапсырма ені 15
7	Сержант (бірінші сатылы старшина)	бұрыштама түріндегі көлденең үш жінішке жапсырма	жінішке жапсырма ені 7
8	Кіші сержант (екінші сатылы старшина)	бұрыштама түріндегі көлденең екі жінішке жапсырма	жінішке жапсырма ені 7
9	Ефрейтор (аға матрос)	бұрыштама түріндегі көлденең бір жінішке жапсырма	жінішке жапсырма ені 7

Қазақстан Республикасы
Қарулы Қүштерінің, басқа да
әскерлері мен әскери
құралымдарының әскери киім
нысандын киіп жүру және
айырым белгілерін, сондай-ақ
басқа да белгілерді тағып
жүру қағидаларына
4-қосымша

**Әскери қызметшілердің салтанатты киім-кешегіне орденді, медаль мен айырым белгісін
тағу**



Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің, басқа да
әскерлері мен әскери
құралымдарының әскери киім
нысандын киіп жүру және
айырым белгілерін, сондай-ақ
басқа да белгілерді тағып
жүру қағидаларына
5-қосымша

Әскери қызметшілердің № 2 күнделікті киім-кешегіне планкадағы медаль мен айырым белгісін тағу

